



161100 Ленгiр қаласы,
Телеби көшесi, ғимарат 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

161100 город Ленгер,
улица Тoleби, здание 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

БҰЙРЫҚ

№ 55- н/қ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 01 қыркүйек

« Мектепте 2022 - 2023 оқу жылының басталуы туралы »

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 – бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2022 жылғы 25 тамыздағы №270 бұйрығын негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы: 7 - 11 сыныптарда – 36 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:


7-11 сыныптарда:

күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан - 6 қарашаны қоса алғанда),
қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда);

2. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын.

3. Мектеп – интернатындағы құжаттар ҚР БҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы № 472 бұйрығына сәйкес жүргізілсін;

Мектеп-интернат директорының
міндетін уақытша атқарушы:



А.Байболатова



161100 Ленгiр қаласы,
Төлеби көшесі, ғимарат 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

161100 город Ленгер,
улица Төлеби, здание 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

БҰЙРЫҚ

№ 21-н/қ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 17 сәуір

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернаты оқушыларының қорытынды аттестатуын өткізу және 2022 – 2023 оқу жылын аяқтау жөнінде

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2023 жылғы 17 сәуірдегі №138 бұйырығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатында оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамыр күні аяқталсын.
2. 9 - сыныптарда оқушылардың қорытынды бітіру емтихандары - 2023 жылғы 2 – 13 маусым аралығында өткізілсін.
3. 11 - сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары - 2023 жылғы 5 – 19 маусым аралығында өткізілсін.
4. Қорытынды аттестаттауды өткізу мынадай мерзімдері
9 – сынып оқушылары үшін:
 - 1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2023 жылғы 2 маусым
 - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым
 - 3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 9 маусым
 - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, әдебиет(оқыту тілі пәні бойынша), шет тілі, информатика) – 2023 жылғы 13 маусым11 – сыныптар үшін:
 - 1) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым
 - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым
 - 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым
 - 4) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым
 - 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, информатика, әдебиет(оқыту тілі пәні бойынша), шет тілі, информатика) – 2023 жылғы 19 маусым
5. Емтихан кестесі бойынша дайындық жұмыстарын талапқа сай өтілуін пән мұғалімдеріне жүктелсін.
6. Емтихандар өз уақытында, талапқа сай өтілуін бақылау және қадағалау мектеп – интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Далмырзаевқа жүктелсін.

Мектеп-интернат директоры:
Бұйырықпен таныстым:



Л.Нурымбетова
С.Далмырзаев